


Қазақ халқының даңқты жазушысы М.Әуезовтың 125 жылдығына орай жуырда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері жазушының өмірін тереңнен зерттеп, ізденіп жүрген ғалымдармен кездесті. Жоғары оқу орнының «Мұхтартану» орталығында ұлы жазушының өмірі, шежіресі мен еңбектері сақталған құнды жәдігерлермен танысты. Сонымен қатар қаламгер туралы тың деректерді ғалымдардың өз аузынан естіп, Оңтүстікке сапарынан қалған естелік хаттарды ең алғашқылардың бірі болып оқу мәртебесіне ие болды.

Жастайынан әдебиетке құмарта өскен бала Мұхтардың болашақта әйгілі қаламгер атануы жазылмаған заңдылық болса керек. Басқалардан ең ерекше тәрбиелеп, жақсы көрген әжесі үнемі «Қоңыр қозым» деп еркелетіп, алдына алып, батырлар жырын, дастандар оқып беретін. Ал ең алғашқы ұстазы, сауатын ашушы – атасы Әуез еді. Үнемі Абай өлендерін оқып беріп, жаттатып отыратын. Соның әсерінен Мұхтар кіші жасында Абай өлеңдерін ауылдастарына жатқайтып беретін болды.

Жазушы Әуезовтың шығармалары әлемдік деңгейде жоғары бағаға ие болды. Бір ғана «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемнің 116 тіліне аударылып, 200 томдық Әлем әдебиеті кітапханасынан ойып тұрып орын алды. Көптеген әңгімелері мен пьесалары бүгінгі күнге

ӘУЕЗОВ-TOUR ЖОБАСЫН БАСТАДЫ



дейін сахналанып келеді. Ал «Көксерек» шығармасының негізінде «Қазақфильм» киностудиясы 1973 жылы фильм түсірген. Бір қызығы, жазушының осынау көлемді, көрнекі шығарманы жазуына күнтізбедегі қасқыр бейнесі түрткі болған екен.

Мұхтар Әуезов көзі тірісінде кәдесыйларды жинауды хоббиге айналдырған. Өзі іссапармен барған Үндістан, Жапония, Чехословакия сияқты елдерден әртүрлі фарфор ыдыстар, картиналар, аспаптар, суреттер мен тағы басқа кәдесый жинаған. Бүгінде ол жәдігерлер Алматыдағы музей-үйінде сақтаулы. Осы ақпараттар мен жазбаша жәдігерлер жастардың М.Әуезовтың шығармашылығына қызығушылығын арттыра түсті.

М.Әуезовтың тағы бір қыры – тек әдебиет, шығармашылық

бағытта ғана емес, спорт саласында да елеулі үлес қосқан. Қазақ футболының негізі қалануына да өзіндік орны бар. Яғни, студент шағында қазақ жеріндегі ең алғашқы клубтардың бірі болған Семейдегі «Ярыш» командасы сапында доп тепкен. Жартылай қорғаушы болып ойнаған Мұхтар осы клубпен бірнеше додада топ жарған.

Бүгінде заманының заңғар тұлғасының атын алған университеттің құрылғанына 80 жыл толып отыр. Жазушының 125 жылдығына орай жоғары оқу орны қабырғасында ауқымды іс шаралар өтілуде. Атап айтқанда, 2022 жылдың маусым айында университет бұрын-соңды болмаған Auezov-tour жобасын сәтті бастады. Оқу жылы қорытындыланып, оқуда үздік, GPA балы жоғары, мәдени-спорттық іс шараларда жеңіске жеткен

және қоғамдық өмірде белсенділік танытып ел дамуына үлес қосқан 50 студент іріктеліп, «Шырайлы Шымкенттен – киелі Семейге» ұранымен жазушының туған жеріне сапар шегіп қайтты. 9 күнге созылған сапарда студенттер 3500 шақырымды артқа тастап, еліміздің ең әсем өлкелері мен құнды тарихи жерлерін аралады. Айша бибі, Қарахан кесенелерін, Балқаш, Қарағанды, КАРлаг лагері, Қарқаралы таулары, Шайтанкөл, Абай-Шәкәрім мавзолейі, Еуразия кіндігі ескерткіш-монументі, Мұхтар Әуезовтың Жидебайдағы музей-үйі, Семей, Талдықорған, Алматыдағы М.Әуезов, Д. Қонаев музей-үйлері, Ұлттық ғылым академиясын, тағы басқа орындарды аралады, рухани-мәдени естеліктер мен пайдалы ақпараттар алды. Сонымен қатар әр факультет белсенді түрде іс-шаралар, ашық сабақтар мен танымал тұлғалармен кездесулер өткізуде.

Алаштың биігіндегі айбыны асқақ тұлғаларды дәріптеу, ұмытпау – бүгінгі ұрпақ – бізге парыз. Сондықтан болмысымызды жоғалтпай, ұлттың ұстаздарын ұлағаттай білейік.

Оспан АМАЛБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ әскери
кафедрасының
аға оқытушысы,
педагогика
ғылымдарының
магистрі, запастағы
подполковник